

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы

**Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы "Ақтөбе қаласының білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің " Ақтөбе қаласының М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы**

2024 жыл

1. Жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 11 ықшам ауданы, 74 «А» пошта индексі 030008

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон : 8 (7132) 46 -74- 31

электронды пошта: gymnasium-32@mail.ru

Web-сайт: mektep32.edu.kz

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия директоры Джамбулова Айжан Сматовна
Байланыс телефондары: 87132 46 -74- 31, ұялы телефон 87771930707 , Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2016 жылдың 5 қазанындағы №588 бұйрығымен №32 гимназияның директоры болып тағайындалды.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

«Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеуі 2022 жылы 5 желтоқсанда жүргізілді.

6. Рұқсат беру құжаттары:

Лицензия: Лицензиар «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесі. 13.12.2017 жыл
№ KZ 74LAA00010509

2-параграф. Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарамаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

12.1. білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі

Ақтөбе қаласы М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясы қызметін өзін-өзі бағалау кезінде тексерілген екі оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің құрылуы, мектептің кәсіподақ ұйымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестелері аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілді. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары оқу жұмыс жоспары бойынша құрылды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 21 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 24 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 8 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 14-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 19-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сыныптар бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математика бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 27-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сыныптар бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сыныптар бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып, 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай дүниежүзі тарихы-география, дүниежүзі тарихы-құқық негіздері пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы қоғамдық-гуманитар бағытында оқытылады.

11 сынып жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 27-қосымшасы басшылыққа алынған. Бейінді оқытуға байланысты

10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай физика-география, химия-биология, физика-биология пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математика бағытында оқытылады.

5-9 класс аралығындағы базалық кластар (5Г,6В,7Б,8Г,9В) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 21 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 25 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 8 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 14-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 19-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сыныптар бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математика Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 27-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сыныптар бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сыныптар бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып, 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай дүниежүзі тарихы-география, дүниежүзі-құқық негіздері пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы қоғамдық-гуманитар бағытында оқытылады.

11 сынып жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынды. Бейінді оқытуға байланысты 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай физика-география, химия-биология пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математика бағытында оқытылады.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 21 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 25 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 9 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 14-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасының Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 19-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сыныптар бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математика ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 27-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10 сыныптар бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11 сыныптар бойынша оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағытта ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынып, 10 -11-сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай дүниежүзі тарихы-география, дүниежүзі-құқық негіздері пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы қоғамдық-гуманитар бағытында оқытылады.

11 сынып жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылады. Оқу жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 29-қосымшасы басшылыққа алынды. Бейінді оқытуға байланысты 10 -11- сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай физика-география, химия-биология пәндеріне бағытталған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математика бағытында оқытылады. Үш оқу жылында да сабақ кестелері мектеп директорымен бекітілген Білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие процесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. «Kundelik.kz» , «Bilim Class» электронды журналының сабақ кестесіне оқу жоспары бойынша сағат сандары талапқа сай енгізілді. 2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес.

12.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназида соңғы 3 оқу жылындағы инвариантты компонент оқу пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтар «Kundelik.kz» , «Bilim Class» электронды журналдары тексерілді.

2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мектеп директорымен бекітілді. Инвариантты компонент пәндерінің күнтізбелік тақырыптарын жоспарлауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және толықтыруларымен Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, 05.07.2023 жылғы №199 бұйрығымен енгізілген) басшылыққа алынды.

Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілді. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылып, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетіліп, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлініп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілді. 10,11 сыныптарда жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитар бағытында бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытылады.

12.3. білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

2021-2022 оқу жылдарында ҚР. Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «16» сәуірдегі №472 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, тәрбиенің жұмыс жоспарлары құрылып, бекітілген. Тәрбиенің 8 басым бағыты:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
 2. Рухани - танымдық тәрбие;
 3. Ұлттық тәрбие;
 4. Отбасылық тәрбие;
 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
 6. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;
 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру жоспарда толық қамтылған.
- Әр бағыт бойынша іс-шаралар мақсатты жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатындағы 2020-2021 оқу жылында Республикалық «Бақытты бала - Бақытты ел» акциясы аясында «ЮНЕСКО балалар қорымен» тәрбие сағаттары, «Қартын қадірлеген ел ардақты» қарттарға көмек көрсету акциясы, «Наурыз нақыштары» сурет байқауы, «Бата алу» облыстық көрісу күніне арналған флешмоп, «Абайдың асыл мұралары» тақырыбындағы танымдық шаралар түрлі форматта ұйымдастырылды. 2022-2023 оқу жылында тұжырымдамаға сәйкес 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында ардагер ұстаздармен кеш өткізілді.

2022-2023 оқу жылында тәрбиенің басым бағыттары негізге алынып, жоспарға бірнеше жобалар енгізіліп, құрылды. Атап өтсек, «Talk like», «Жылу жүрек», «Dance battle». Оқушылар арасында эко - мәдениетті қалыптастыру мақсатында пластикалық

бұйымдар мен макулатураны қайта өндіруді үйрету семинар – практикумдар өткізілді. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған іс-шаралар нақты жоспарланып, бірнеше жобалар аясында жүзеге асырылып жүргізілген. «Салауатты өмір салтын сақтау», «Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында танымдық шаралар жүргізілді. Оқушылар ойын ашық айтуға, оқыған кітапты саралай білуге шақыру мақсатында «Әдеби лото» ойыны ұйымдастырылды, Ғ.Мүсіреповтың 120 жылдығына орай жазушының өнеге өмірін, қайратын үлгі ете отырып, патриоттық сезімін ояту мақсатында «Көркем сөздің зергері» атты көрме ұйымдастырылды.

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияның 2023-2024 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығына және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2023 жылдың 21 қыркүйегіндегі №303 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қабылданды.

Бағдарлама аясында Үш құндылық (Талап, Ар-ұят, Ұлттық мүдде) пен Он жоба аясында жұмыстар жасалынды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жобалар:

«Оқуға құштар мектеп»

«Балалар және театр»

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

«Ұшқыр-ой алаңы»

«Жеткіншектің жеті жарғысы»

«Ұлттық мектеп лигасы»

«Ғаламтор қауіпсіздігі»

«Төрт тоқсан-төрт өнер»

«9 ай-9 іс-шара»

«Ата-аналар мектебі»

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: *Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.*

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылып келеді. Әр бағыт бойынша іс-шаралар мақсатты жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын қалыптастыру мақсатында биылғы оқу жылы бойынша көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, 2023-2024 оқу жылында тұжырымдамаға сәйкес 1 қыркүйек Білім күнін және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары, «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында ардагер ұстаздармен кеш өткізілді.

Оқу жылының басында Халықаралық тілдер мерекесіне орай «Қазақ тілі-мемлекеттің тұғырлы тірегі» тақырыбында интеллектуалды байқау, мәнерлеп оқу сайысы мен әдеби-сазды кештер өткізілді.

25-қазан Республика күніне орай «Ұлы дала перзентімін» атты тәрбие сағаттары, «Қыран елім-Қазағым!» атты патриоттық әндер акциясы асында Мемлекеттік гимнді орындау челленджі, «Қазақ елі-менің Қазақстаным!» атты мерекелік кеш өткізілді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы асында 1-4 сынып, 5-7 сынып, 8-9 сынып, 1-11 сыныптарға «Күзгі балл-2024» сайысы өткізілді.

15-қараша төл теңге күніне орай «Ұлттық теңге-тәуелсіздігіміздің нышаны» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Алғыс айту күніне орай «Алғысым шексіз...» шарасы мен құттықтаулар және тәрбие сағаттары, Көрісу күніне орай көршілес мектептермен көрісу шаралары, 22-наурыз Наурыз мерекесіне орай «Толағай» театрымен бірлесе отырып қойылымдар қойылды. 12-сәуір Дүниежүзілік ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» атты мектепшілік макеттер көрмесі, Халықаралық аналар, әкелер, отбасы күніне орай түрлі челленджер мен әлеуметтік желіге видеороликтер жарияланды.

2023-2024 жылы Өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп Президентін сайлап, жылдық жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жасалынды. Мәселен, Республика күні, төл теңге күні, денсаулық күніне орай түрлі кездесулер мен көңілді қоңыраулар өткізді. Оқушылар арасында қоңырау уақытын тиімді өткізу бойынша «Этнокүн», «Balloonbords», «Қол күрес», «Асық ату», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» сияқты түрлі спорттық сайыстар, қайырымдылық шаралары мен «Brainstorm» интеллектуалды сайысы, кездесулер т.б. мәдени шаралар өткізілді.

Оқушылар арасында эко - мәдениетті қалыптастыру мақсатында пластикалық бұйымдар мен макулатураны қайта өндіруді үйрету, қалдықтарды қайта жарату бойынша практикумдар өткізілді. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған іс-шаралар нақты жоспарланып, бірнеше жобалар аясында жүзеге асырылып жүргізілген.

Оқушылар ойын ашық айтуға, оқыған кітапты саралай білуге шақыру мақсатында оқушылардың ақындық қабілеттерін ашу мақсатында түрлі мүшайралық шаралар мен мәнерлеп оқу челленджері өткізілді.

А.Байтұрсынұлының туған күніне орай «Тіл тазалығы» атты шаралар, С.Көбеевтің 145 жылдығына орай, Ш.Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай, М.Жұмабаевтың 130 жылдығы мен Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына орай ақын-жазушылардың өнеге өмірін, қайратын үлгі ете отырып, патриоттық сезімін ояту мақсатында мәнерлеп оқу сайыстары мен челленджері ұйымдастырылды.

Оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің балалар омбудсмендері бастамашылық еткен «ДосболLIKE» **акциясы** өткізілді. Акция 2024 жылдың 17 қаңтары мен 17 ақпаны аралығында өткізілді. Акция барысында түрлі кездесулер, шебер-кластар, көрмелер мен сынып сағаттары өткізілді.

Оқушылардың жанұяға, ата — анаға, үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынастарын дамыту, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір — бірімен үйлесімді қарым — қатынас жасай білуге үйрету мақсатында «**Алтын жүрек**» **челленджі** өткізілді.

Құқықтық сауаттылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқық бұзушылықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын ала отырып, отбасылық құндылықты бағалау мақсатында «**Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн**» акциясы ұйымдастырылды. Шара барысында сурет байқау, флешмоб, шығарма жазу және әлеуметтік желіге бейнеролик жариялау шаралары жасалынды.

«**Оқуға құштар мектеп**» жобасы асында «Күзде жалықпаймыз кітап оқимыз», «Менің сүйікті кітабым», «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз», Қ.Қайсеновтың «Жас партизандар» кітабының 70 жыл толуына орай шығармаларын оқу, «Каникулда кітап оқимыз» буккросингі, «Мен оқыған бір ертегі», «Бір отбасы-бір кітап» отбасылық

челленджері мен қалалық кітапханаларға саяхат жұмыстары жасалынды. Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде де біршама шаралар өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы аясында қалалық «Толағай» театрымен бірлесе «Жаңа 2024 жыл», «Наурыз-береке, Наурыз-мереке» шаралары өткізілді. Ұлттық Алаш зиялылыларын дәріптеу мақсатында олардың тарихи сәттерінен қойылым қойылды. Бастауыш сыныптар арасында жолда жүру ережелерін сақтау мақсатында «Жол ережелерін білесің бе?!» және оқушылардың қиялын дамыту мақсатына «Ертегілер әлемінде» атты қойылым сайыстары өткізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс) жобасы аясында Еріктілер күніне орай шаралар, «Құстарға қамқорлық жасаймыз» атты ұя жасау шарасы, «Қалдықтарды табысқа айналдырайық», «Үнемділік инноваторы» Жалпықалалық сенбілік жұмыстары, көктемгі абаттандыру жұмыстары, түрлі шеберлік сағаттары, Еңбек күніне орай «Еңбек-бәрін де жеңбек» тақырыбынды шығарма жазу байқауы өткізілді.

«Ұшқыр-ой алаңы» жобасы аясында мектепшілік және қалалық дебат сайыстары өткізілді. «Дін-халық дәңгегі» тақырыбында мектепшілік дебат сайысы, «Алтын сақа» олимпиадасы, Мектепшілік дебат турнирі, «Кішкентай білгірлер»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Жеңісінді тәуелсіздікке арнаймын», «Тарихқа тағзым», «Сен және Заң», «Ізгіліктің бір ізі алғыс айту» «Өнегелі өмір» тақырыптарында тәрбие сағаттары мен кездесулер, сайыстар ұйымдастырылды.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Әлемді бағындырған жерлесіміз» атты спортшылармен кездесу, «Тоғызқұмалақ күні», «Ұлттық ойын- ұлттың қазынасы» атты шаралар, «Жеңісін саған арналады» атты Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай шаралар мен М.Құрманғалиеваның 90 жылдық мерейтойына арнайы волейболдан аудан мектептерінің арасында сайыстар өткізілді.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» челленджі, «Қауіпсіздік-жайлы атмосфера», «Балалардың ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында 1-тоқсан- Ақындар айтысы, 2-тоқсан- «Алтын сақа» олимпиадасы, 3-тоқсан- Ұлттық өнер, 4-тоқсан- Туған өлке фестивалі өткізілді.

«9 ай-9 іс-шара» жобасы аясында қыркүйек айы-Сергіту сәті айы, қазан-Мемлекеттік Гимн орындау, Қараша- асық ату, желтоқсан-шығарма жазу, қаңтар-қазақ есебі, ақпан-оқуға құштар мектеп, наурыз- домбырашылар, сәуір-шахмат ойнауғамамыр- жасыл мектеп айы болып танылып, тақырыпқа сай шаралар жүзеге асырылды.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында отбасылық құндылықтарды сақтау мен дәріптеу, ата-ана мен ұстаз арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылды. Орталыққа арнайы кабинет жасақталды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес арнайы сабақтар, шеберлік сағаттары мен сайыстар, кездесулер, жиналыстар өткізілді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепшілік ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылды. Үштік одақты нығайту мақсатында «Әке, ана және мен» тақырыбында интеллектуалды байқау өткізілді.

12.4. Мектепшілік Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2022-2023 оқу жылында М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда мектепшілік -10 спорттық секция жұмыс жасайды. Спорттық секцияларды біліктілік санаттары бар ұстаздар өткізеді. Олар: волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, футбол, шахмат, үстел теннисі секциялары. Қоғамдық бағытта «Риторика» дебат клубы мен вокал үйірмесі оқушылармен жұмыс жасауда. Барлығы спорттық секциялары мен клубтарға 1230 мектеп оқушылары қатысып отыр. Спорттық секцияларға 322 оқушы қатысады. Мектептен тыс үйірмелер мен спорттық секцияларға -908 оқушы қатысады. Гимназия оқушылары Республикалық А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Орал қаласында өткен Кукешкин каратэ ашық чемпионатында 2орын, баскетболдан Павлодар қаласында өткен Республикалық турнирден 1 орын, Шымкент қаласында өткен 2012,2013,2014ж.т. балалар командалары арасында cross ice форматындағы шайбалы хоккейден республикалық турнирде «Олимп» командасының ең үздік шабуылшысы медалімен, гимназия волейбол құрама командасы Шұбар доп қалалық мектеп лигасында 9-11класс ер балалар арасында 2орын, жасөспірімдер және ересектер арасындағы қалалық чемпионатында абсолюттік салмақ дәрежесі бойынша III орын, шахматтан 7-8 класс оқушылары арасында қалалық «МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жүлделі 2-орын иеленді. Мектеп қабырғасында тілдік курстар, вокал, хореография, бейнелеу өнері секциялары бар.Оқушылар, халықаралық шығармашылық «ZHAS TALANT» фестиваль - байқауының ГРАН-ПРИ жүлдегері, «Рейтинг успеха» би сайысынан 9-12 жас аралығы бойынша «Пираты» биімен 1орын, «Жырлаймын сені, туған ел!» атты қалалық музыка пәні мұғалімі мен оқушыдан құралған жұптық ән байқауында үздік өнер көрсеткені үшін марапатталып, «Шабыт» көп жанрлы өнер байқауында «вокал» номинациясы бойынша жүлделі I орын, Жамбыл облысында өткен көркем гимнастикадан жүлделі Iорынды «Шашу»биі, «Жас Талант» республикалық байқауы Iдәрежелі диплом иеленді. «Ясауитану» білім байқауының қалалық деңгейінде жүлделі Iорын иеленді. Қоғамдық бағытта «Риторика» дебат клубының мүшелері Абайдың «Толық адам философиясы» атты облыстық пікірсайыс турнирінде жүлделі 1,2,3 орындарға ие болды.

2022-2023 оқу жылы бойынша				
Р/с	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Үйірмелер бойынша	5	-	-	1
Спорттық секциялар бойынша	6	4	4	4

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясы оқушыларының мектепшілік, мектептен тыс үйірмеге қатысым көрсеткіші

Р/с	2021-2022жж.	2022-2023жж.	2023-2024
Барлық оқушы саны	1396	1438	1431
1	Мектепшілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны		
	360 оқушы	322 оқушы	208 оқушы
2	Мектептен тыс үйірмеге қатысатын оқушылар саны		
	880 оқушы	908 оқушы	1163 оқушы

2023-2024 оқу жылында М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында мектепшілік -10 спорттық секция, 1 үйірме (дебат) жұмыс жасайды. Спорттық

секцияларды біліктілік санаттары бар ұстаздар өткізеді. Олар: волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, футбол, шахмат, үстел теннисі секциялары. Спорттық секцияларға 208 оқушы қатысады. Мектептен тыс үйірмелер мен спорттық секцияларға-1163 оқушы қатысады. Олардың ішінде тілдік курстар, вокал, хореография, бейнелеу өнері және спорттық секция түрлері бар.

2023-2024 оқу жылы бойынша				
Р/с	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Үйірмелер бойынша (дебат)	4	-	3	1
Спорттық секциялар бойынша	2	2	2	-

2023-2024 оқу жылында М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда мектепшілік -10 спорттық секция, 1 үйірме (дебат) жұмыс жасайды. Спорттық секцияларды біліктілік санаттары бар ұстаздар өткізеді. Олар: волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, футбол, шахмат, үстел теннисі секциялары. Қоғамдық бағытта «Риторика» дебат клубы мен вокал үйірмесі оқушылармен жұмыс жасауда. Спорттық секцияларға 208 оқушы қатысады. Мектептен тыс үйірмелер мен спорттық секцияларға -1163 оқушы қатысады. Гимназия оқушылары қалалық «Тоғызқұмалақ- ұлтымызды ақыл-ой спорт түрі» атты тоғызқұмалақ сайысында 3-4 сынып оқушылары 3 орын иеленді, Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған тоғызқұмалақтан «Ақтөбе қалалық маслихатының депутатының кубогіне арналған» турнирде алғыс хатпен, сыйлықпен марапатталды. Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Спорт және мен» марафонында 1 орын, Шымкент қаласында жасөспірімдер арасында өткен Еуропалық теннис лигасында 2 орын, Алматы қаласында СДУ Университетінің ұйымдастыруымен өткен «SDU CUP 2024» Республикалық пікірсайыс турнирінен 2 орын мен ақшалай сыйлық, Классикалық шахматтан 6-18 жасқа дейінгі дәрежеде 2 орынмен, 11 мөлтек аудан мектептерінің арасында өткен футболдан ашы турнирде алғыс хатпен марапатталды.

12.5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру(оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Осы өлшемшарт бойынша оқу жоспарлар мен сабақ кестелері, бейінді оқыту бойынша құжаттар жинақталды.2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдар арасында білім алушылардың таңдау пәндері мен бейіндік пәндері және вариативті компоненттегі сағаттары оқушылардың таңдаулары бойынша алынды. 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында 10 сыныптардың білім алушыларының таңдауы бойынша бейінді оқытуға көшу туралы педагогикалық кеңесте қаралып, оқушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейде пәндер таңдалып отыр. Бұл бейінді оқытуды таңдау барысында білім алушылардың ата-аналарымен, оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Гимназияда 10-11 сыныптың білім алушылары жаратылыстану- математика және қоғамдық- гуманитарлық бағытта оқытылып жатыр.

2021-2022 оқу жылында 10-11 сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 27,29-қосымшасына сәйкес білім алуда.

Тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгей 2 сағаттан 1 пән, дүниежүзі тарихы, химия, физика, география, биология, кәсіпкерлік және бизнес негіздері оқытылады. **Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылуда.**

2022-2023 оқу жылында 10-11 сыныптарда 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 24,26-қосымшасына сәйкес білім алуда.

Тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгей 2 сағаттан 1 пән, дүниежүзі тарихы, химия, физика, география, биология, кәсіпкерлік және бизнес негіздері оқытылады. **Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылуда.**

2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптарда 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 27,29-қосымшасына сәйкес білім алуда.

Тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгей 2 сағаттан 1 пән, дүниежүзі тарихы, химия, физика, география, биология, құқық негіздері, кәсіпкерлік және бизнес негіздері оқытылады. **Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылуда.**

12.6.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

М.Құрманғалиева атындағы №32 жалпы білім беретін гимназиясында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында ерекше білімді қажет ететін оқушы болған жоқ. 2023-2024 оқу жылы бойынша инклюзивті білім берумен қамтылған балалардың білім алуына жағдай жасау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін 1 оқушы бар. 01.09.2023 жылғы №168 бұйрық негізінде 6 «Г» класс оқушысы Алматылы Санжарды инклюзивті түрде оқыту ұйымдастырылды. ПМПК қорытындысы бойынша Алматылы Санжардың диагнозы «Зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар» деген қорытынды жасалған.

2023-2024 оқу жылынан бастап ерекше білім беруге қажеттігі бар 6 «Г» класс оқушысы Алматылы Санжарға инклюзивті түрде оқыту ұйымдастырылды. Инклюзивті оқытуда класс жетекшісі М.Қалмұханова және пән мұғалімдеріне келесі бағытта арнайы қолдау көрсету мақсатында төмендегідей қызметтер атқарды:

- Оқу процесі аясында білім беруді ұйымдастыруда оқушыға көмек көрсету;
- Оқушының балалар ұжымына қалыптасуға бейімдеу;
- Оқушының білім алу қажеттігін мүмкіндігінше білім беру бағдарламасына сәйкес бейімдеу;
- Педагогикалық мониторинг және бақылау күнделігін жүргізу;
- Оқушының ата-анасымен байланыс жасау;

Сонымен қатар оқушыны оқыту мен тәрбиелеудегі дамуына байланысты мұғалімдер мен ата-анаға кеңес беру, оқу процесінде оқушы арасында өзара тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыру бойынша көмек көрсету және көмек беру мектеп психологтары Г.Жүсіпова мен А.Рзабековаға, оқушыға және отбасына әлеуметтік қолдау көрсету және бақылау жасау әлеуметтік педагогтар А.Жұқатаева мен Ж.Каденоваға, білім беруде оқушының жекелік ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды жүзеге асыру пән мұғалімдеріне, кітапхана қорын арнайы оқулықтармен және

әдістемелік әдебиеттермен толықтыру кітапханашы А.Жексенбайға ,медициналық құжаттарын жинақтау және мамандығы бойынша кеңес беруді ұйымдастыру мектеп дәрігері Г.Қазыбаева мен мектеп медбикесі А.Иманғазинаға міндеттеліп,жоғарыда аталған қызметтер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

12.7. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру.

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарларында вариативті компоненттің оқу жүктемесі жоспарланған.

2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен 1 – сыныптарда 1 сағаттан 1 «А,Ә,Б,В,Г,Д» «Спорттық ойындар» 6 сағат берілген.

2 – сыныптарда 1 сағаттан 2 «А,Ә,Б,В,Г» «Спорттық ойындар» 5 сағат .

3 – сыныптарда 1 сағаттан 3 «А,Ә,Б,В,Г» 10 сағат «Спорттық ойындар» және «Қызықты грамматика» ;

4 – сыныптарда 1 сағаттан 4 «А,Ә,Б,В,Г» 10 сағат «Спорттық ойындар» және «Қызықты грамматика» ;

5 – сыныптарда 1 сағаттан 5 «А,Ә,Б,В» 8 сағат «Парасаттылық және әдеп» және «Былғары доп» ;

6 – сыныптарда 1 сағаттан 6 «А,Ә,Б,Г» 8 сағат «Саналы ұрпақ негізі», «Музыка әлеміндегі әдебиет» және «Былғары доп» ;

7 – сыныптарда 1 сағаттан 4 сағат: 7 «А,Ә,В,Г» сыныбына «Былғары доп», 7 «Б» сыныбына 1 сағаттан 2 сағат «Латін ғаріпін таныту» және «Сиқырлы әуездің әуенділігі»

8 – сыныптарда 1 сағаттан 8 «А,Ә,Б,Г» 9 сағат «Медиасауаттылық» және «Былғары доп», 8 «Г» сыныбына 1 сағатқа «Тарих зердесі »;

9 – сыныптарда 1 сағаттан 9 «А,Ә,Б,В» 4 сағат ;«Зайырлылық және дінтану негіздері», «Абайтану» және «Жас баскетболшы»;

ЖМБ 10 – сыныптарға 1 сағаттан сағат: 10 «А,Ә» сыныбына «Физика», «География», «Биология», «Химия»;

ЖМБ 11 – сыныптарға 1 сағаттан 8 сағат: 11 «А,Ә» сыныбына «Физика», «География», «Биология», «Химия»

ҚГБ 10 – сыныптарға 1 сағаттан 8 сағат: 10 «Б,В» сыныбына «Физика», «Алгебра», «Биология», «Химия»

ҚГБ 11 – сыныптарға 1 сағаттан 8 сағат: 11 «Б,В» сыныбына «Тарих», «География», «Шет тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті»

2021-2022 оқу жылында оқу жоспары бойынша вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен 1 – сыныптарда 1 сағаттан 1 «А,Ә,Б,В,Г» «Жас футболшы» 5 сағат

2 – сыныптарда 1 сағаттан 2 «А,Ә,Б,В,Г,Д» «Жас футболшы» 6 сағат .

3 – сыныптарға 1 сағаттан 10 сағат: 3 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Қызықты грамматика» және «Былғары доп» .

4 – сыныптарға 1 сағаттан 10 сағат: 4 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Қызықты грамматика» және «Былғары доп» .

5-8 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» курсына -0,5 сағат .

5 – сыныптарға 1 сағаттан 5 сағат: 5 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Былғары доп» .

6 – сыныптарға 1 сағаттан 5 сағат: 6 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Былғары доп» .

7 – сыныптарға 1 сағаттан 20 сағат: 7 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Алгебра», «География», «Физика» және «Былғары доп» .

8 – сыныптарға 1 сағаттан 20 сағат: 8 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Алгебра», «География», «Биология» және «Жас баскетболшы» .

9 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» курсына – 1 сағат бөлінген.

9 – сыныптарға 1 сағаттан 15 сағат: 9 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Алгебра», «География», «Физика»

10 – 11 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» курсына -1 сағат

ЖМБ 10 – сыныптарға 1 сағаттан 12 сағат: 10 «А,Ә» сыныбына «Физика», «География», «Биология», «Химия», «Абайтану» және «Ұшқыр доп»

ЖМБ 11 – сыныптарға 1 сағаттан 12 сағат: 11 «А,Ә» сыныбына «Физика», «География», «Биология», «Химия», «Абайтану» және «Ұшқыр доп».

ҚГБ 10 – сыныптарға 1 сағаттан 10 сағат: 10 «Б,В» сыныбына «Тарих», «География», «Шет тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Ұшқыр доп» берілген.

ҚГБ 11 – сыныптарға 1 сағаттан 8 сағат: 11 «Б,В» сыныбына «Тарих», «География», «Шет тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Ұшқыр доп»

2022-2023 оқу жылында оқу жоспары бойынша вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары іске асырылған.

2023-2024 оқу жылында барлығы 55 сынып комплект оқытылған. Оның ішінде 1-4 сыныптар – 21 класс комплект; 5-9 сыныптар – 25 класс комплект; 10-11 сыныптар – 9 класс комплект.

Оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен 1- сыныптарға 1 сағаттан 5 сағат: 1 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Жас футболшы»

2 – сыныптарға 1 сағаттан 5 сағат: 2 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Жас футболшы»

3 – сыныптарға 1 сағаттан 12 сағат: 3 «А,Ә,Б,В,Г,Д» сыныбына «Қызықты грамматика» және «Былғары доп».

4 – сыныптарға 1 сағаттан 10 сағат: 4 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Қызықты грамматика» және «Былғары доп»

5-8 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттілік» курсына -0,5 сағат

5 – сыныптарға 1 сағаттан 5 сағат: 5 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Былғары доп»

6 – сыныптарға 1 сағаттан 5 сағат: 6 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Былғары доп»

7 – сыныптарға 1 сағаттан 15 сағат: 7 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Алгебра», «География», «Биология» .8 – сыныптарға 1 сағаттан 15 сағат: 8 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Алгебра», «География», «Физика» .9 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік

компонент есебінен 1 сағат бөлінген: «Жаһандық құзыреттілік»-1 сағат.

9 – сыныптарға 1 сағаттан 15 сағат: 9 «А,Ә,Б,В,Г» сыныбына «Алгебра», «География», «Биология» .10 – 11 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша вариативтік компонент

есебінен «Жаһандық құзыреттілік» курсына -1 сағат .ЖМБ 10 – сыныптарға 1 сағаттан 12 сағат: 10 «А,Ә,Б» сыныбына «Физика», «География», «Биология», «Химия» берілген.

ЖМБ 11 – сыныптарға 1 сағаттан 8 сағат: 11 «А,Ә» сыныбына «Физика», «География», «Биология», «Химия» .ҚГБ 10 – сыныптарға 1 сағаттан 8 сағат: 10 «В,Г» сыныбына «Тарих», «География», «Шет тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» .ҚГБ 11 – сыныптарға 1

сағаттан 8 сағат: 11 «Б,В» сыныбына «Тарих», «География», «Шет тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» .

2023-2024 оқу жылында оқу жоспары бойынша вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары іске асырылған.

12.8. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес 1-4 сыныптарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарында 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырып келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 75-тармағына, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 4-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 81- тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы- ұйымдастырушысы жүзеге асырды.Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Мектепте «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағаттан «Дүниетану» оқу пәні, 5-9 сыныптарда 15 сағат жүктемемен дене шынықтыру, 10-11 сыныпта 12 сағаттық жүктемемен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» міндетті оқу курсы, 1-11 сыныптарда «Дүниетану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндерінің шеңберінде жоғарыда аталған жылдық оқу жүктемесімен жүргізіліп келеді.

12.9. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру

Осы өлшемшарт бойынша 2023-2024 жылдар аралығында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру жұмысы қаралды. Курс мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен, және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылып отыр.Күнтізбелік - тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Міндетті сынып сағаттарынан тыс білім алушыларға жолда жүру ережесін меңгерту мақсатында 3-сыныптар арасында «Жол ережесін сақтайық!» сайысы, «Көңілді бағдаршам» сахналық қойылым, «Жол жүре білеміз бе?» сауалнама, «Жаяу жүргінші-назар аудар!» әлеуметтік желіге бейнеролик, «Жол ережесін білу-бәріне міндет» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді.

Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8 - сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілді.

12.10. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сақтау

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар жинақталып отыр. Құжаттарды талаптар сақталып келеді. Бухалтерлік есеп құжаттары жинақталды. Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білім бар педагогтар жұмыс жасайды. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарлары бойынша әзірленген оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтар жұмыс жасайды. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар 111 педагог кадр бар. Пәнді оқыту педагогтардың біліктілігіне сәйкес беріліп келеді. Педагогтардың жоғары және техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі, негізгі жұмыс орны мектеп болғандықтан сотталмағандығы, санаты, медициналық тексеруден өткені, курстан өтуі, жетістіктері, оқытатын пәні туралы мәліметтер толық жинақталған.

10 қосымшаға М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда 111 педагог, 2 психолог, 2 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 2 ұйымдастырушы педагог, 1 қосымша білім беру педагогы жұмыс жасайды. Жоғары білімді мұғалімдер саны-101, арнаулы орта білімді мұғалімдер саны-9. Магистрлер саны-15.

2022-2023 оқу жылында М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда барлығы 111 мұғалім, жоғары санатты-1-0,9%, бірінші санатты-1-0,9%, екінші санатты - 1-0,9% , педагог-зерттеуші - 40-36,4%, педагог-сарапшы - 23-21%, педагог-модератор - 20-19%. Жалпы мектеп бойынша жоғары санатты, педагог зерттеуші мен педагог сарапшылардың үлесі- 59%.

Мектеп директоры – бірінші біліктілік санаты бар басшы, директордың оқу - ісі жөніндегі орынбасары-3, оның бірінші біліктілік санаттағы басшының орынбасары-2, екінші біліктілік санаты бар басшының орынбасары-1, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-1, бірінші біліктілік санаты бар басшының орынбасары-1, ғылыми әдістемелік жөніндегі орынбасар-1, бірінші біліктілік санаты бар басшының орынбасары-1.

Мұғалімдердің пәндер бойынша сапалық құрамы 2022-2023 оқу жылы

Пәні	Мұғалімдер саны	Біліктілік санаты			
		Зерттеуші / жоғары	Сарапшы/ I	Модератор/ II	Санаты жоқ
Қазақ тілі/әдебиеті	10	6	1	2	1
Орыс тілі/әдебиеті	7	5	1	0	1
Ағылшын тілі	13	2	5	3	3
Математика	8	3	3	2	0
Информатика	4	1	1	2	0
Физика	3	1	1	0	1
Химия	2	1	0	0	1
Биология	3	1	0	1	1
География	3	2	1	0	0
Тарих	7	3	1	3	0
Дене шынықтыру	12	1	4	4	3
Бастауыш сыныптар	23	11	5	3	4
Көркем еңбек	4	1	0	1	2
АӘД	1	0	0	0	1
Музыка	2	2	0	0	0
Психология	2	0	0	0	2

Жаһандық күзіреттілік	2	1	0	0	1
Әлеуметтік педагог	2	0	0	0	2
Қосымша білім беру педагогы	1	0	0	0	1
Ұйымдастырушы педагог	2	0	0	0	2
Барлығы	111	41	23	21	26

2023-2024 оқу жылы 10 қосымшаға М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда 110 педагог, 2 психолог, 2 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 4 ұйымдастырушы педагог, 2 қосымша білім беру педагогы жұмыс жасайды. Жоғары білімді мұғалімдер саны-106, арнаулы орта білімді мұғалімдер саны-4. Магистрлер саны-20.

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда пән мұғалімдерінің саны 99, екінші санатты - 1-1% , педагог-зерттеуші - 38-38,3%, педагог-сарапшы - 20-20,2%, педагог-модератор - 18-18,2%. Жалпы мектеп бойынша 58 педагог зерттеуші мен педагог сарапшылардың үлесі- 58,6%.

